

● Ұлы ақынның мерейтойына жарты жыл қалды

**К. САҒАДИЕВ,**

академик, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының президенті:

Абай — қазақ халқының рухани көсемдерінің бірі емес, бірегейі. Баршамыз мақтан ететін ойшыл да сыншыл данышпанымыз. Кез-келген халықтың маңдайына біте бермейтін аса бір ірі, тарихи күрделі тұлға десек те еш артығы болмас. Ұлы атамның артында қалдырған асыл мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, ғасырдан-ғасырға өтпек. Өйткені заманымыздың заңға жазушысы Мұхтар Әуезов өте дәл атап көрсеткеніндей, Абайдың поэзиясын суарып, жасартып тұратын нәрлі бұдақ — туған халқы. Осы халық аман болып, өзінің елдігі мен болмысын сақтап тұрғанда Абай мұрасы ешқашан маңызын жоймайтын біздің рухани қазынамыз бола бермек.

Егемендігіміздің арқасында біз бұрынғыдай ешкімге жалтақтамай, жасқанбай халқымыздың басынан кешкен тарихына тереңрек үңіліп, осы ұзақ жолда ұмытқан немесе жоғалтқан рухани қазынамызды қайтадан жинастырып, жаңғыртып ел игілігіне пайдалануымызға мүмкіндік туып отыр. Бұны Абайға, оның артында қалдырған мол мұрасына да тікелей қатынасы бар. Абай біз үшін кім, оның данышпандығы неде, артында қалдырған өсиет-мұраларының біз үшін мағынасы, қадірі мен қасиеті неде? Міне осындай көкейкесті сұрақтарға толығырақ жауап беретін кезең туып отыр.

Егемен еліміз, тәуелсіз халқымыз күнделікті тіршіліктің қиыншылықтарына қарамай, қазір біз бұрын болмаған серпінге үстінде, арманы әлемдегі өркениетті елдердің, мәдениеті мен тұрмысы жан-жақты дамыған, жайқалған елдердің санатына қосылу. Осы арманымызға жеткізетін тиімді жолдар іздегірі қамындамыз. Оны дұрыс табу халқымыздың күш-қуатына, өзіне тән рухы мен қалыптасқан дүниетанымына байланысты. Бұлардың да Абай атамның бірден-бір байланысы бар, өйткені ол, жоғарыда айтылғандай, қазақ халқының рухани көсемдерінің бірі, дәлірек айтсақ — маңдай алдысы. Абай мұңы — халық мұңы, Абай тынысы — халық тынысы. «Қалың елше, қазағына, қайран жұртына» іргелі, тұтас, сәулетті ел болудың нұсқаларын, жолдарын айтып, соларды барынша уағыздап кеткен данышпанымыз.

Егемендігіміздің арқасында біз, қазақ халқы, бүкіл әлем халықтарына танымал бола бастадық. Көптеген ұлттардың өкілдерімен молынан араласуға, жүздесуге мүмкіндік бүгін таңда туып отыр. Дегенмен әлем халықтарымен үдей бастаған қарым-қатынастың сыңаржақтығын да айтпай отыруға болмайды. Біздің байланыстарымыздың негізі өзін экономика тәңірінде. Рухани саладағы байланыстар өзі аз, көптеген халықтардың біздер, қазақтар туралы, біздің рухани байлығымыз туралы хабары шамалы. Ал енді өркениетті елдер қатарына қосылуға үміттеніп отырған біздің халқымызға осы елдермен рухани, мәдени байланысымыз да күшейе түсуі керек. Бұл сауалдың да Абай мерекесімен тығыз байланысы бар. Әр ел басқа халықтарға өз топтарынан туған, өз ортасында өскен данышпан, ойшыл, ғұламаларымен танымал болады. Абай біздің халқымыздың осындай данышпаны. Оның поэзиясы, ой жүйесі, дүниетанымы бүкіл әлемнің бойына жинаған рухани қорынан тиісті орын алуға тиіс.

Дегенмен де Абай есімі дүние жүзі халықтарының мәдени өмірінде кеңінен тарамға тұлға. Бұл Абайдың емес, біздің, артында қалған ұрпақтың кемшілігі. Осыған орай алдымызда Абайды көптеген тілдерде сөйлетіп, оның асыл мұрасын әлемге жария ету міндеті тұр. Алдымыздағы мерейтоймен байланысты осы міндетті ойдағыдай орындай алсақ, бұл біздің Абай мұрасын, сол арқылы жалпы қазақ рухын дамытуға өзіндік үлесімізді қосып отырғанымыз болар.

Абай туралы естеліктер жинағы да баспаға дайындалды. Бұларды біз Абайтану ғылымының үлкен бір бөлесі, ұлы атамның тойына дайындаған ғалымдар шашуы дегіміз келеді.

Дегенмен де абайтану ілімі тек бірнеше жылғы ізденіспен немесе бір науқанмен бітетін жұмыс емес. Әлі де қыры мен сырына тереңрек үңілетін өсіресе осы бір асыл мұраны әлем халықтарына жеткізуге міндетті ілім. Сондықтан да абайтану қоғамдық-ғылымдар саласында өз жоғарғы орнын болашақта да сақтай бермек.

Мерейтой күндерінде Абай мұрасына арналған Ұлттық Ғылым академиясының арнаулы ғылыми сессиясы өтеді. Оған дайындық қазір жүріп жатыр. Жоба бойынша осы сессияға ел-елден, дәлірек айтсақ Еуропадан, Азиядан, Америкадан ғұлама ғалымдар, қазақ әдебиеті мен мәдениетін, түркі тілдес халықтардың тарихы мен рухани қазынасын зерттеушілер келмек. Соның арқасында Абайды дүние жүзі

**А. СӨРСЕНБАЕВ,**

Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі:

Абай есімі — қазақтың темірқазықтай бағдаршысы, дара жұлдызы. Осы уақытқа дейін Абайды өзіміз ғана танып, өзіміз ғана рухани сусындап келсек, енді Абайды төрткүл дүниеге танытатын, Абай арқылы өзімізді жалпақ әлемге жария ететін кез туып отыр.

Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңындағы атқарылар іс-шаралардың үйтқысы, жаршысы, насихатшысы болу біздің министрліктің иығына түсетін жауапты іс екенін сезініп, сол үдеден табылуға күш жұмылдырамыз. Республикалық баспасөз, бұқаралық ақпарат құралдары ұлы ақын мерейтойын жан-жақты насихаттауды бір арнаға түсірді. Мемлекеттік баспалар да қарап отырған жоқ. Жоспар бойынша



**АҚЫН ТҰЛҒАСЫН АСҚАҚТАТУ ПАРЫЗ**

Абай тойы жақындаған сайын оған сақалай сай әзірліктің барысы кімді болса да бей-жай қалдырмайды. Жол салынып, мұражай бой көтеріп, кесенелер тұрғызылып жатыр. Дегенмен сол құрылыстарға жауапты тиісті орындарда не істеліп, қандай жұмыстар атқарылды? Соның тоңірегінде біздің тілшілеріміз бірқатар министрлік пен мекемелер басшыларына бір сауал қойып еді: — Ұлы ақын тойына дайындық қалай жүріп жатыр?

халықтарының өкілдері болып дәріштеп, ұлы атамның мұрасын көп тілде әңгіме етеміз бе деген арманымыз бар. Осымен қатар Парижде, Пекинде, Түркияда, Мәскеуде, Санкт-Петербургта Абай тойына арналған салтанаттар өтпек. Оларға қатысып, Абай туралы, жалпы біздің қазақ халқының рухани өмірі, елдің мен парасаты туралы аталы сөз, пайымды пікір айтуға да ғалымдар дайындық үстінде. Іске сәт, басқан қадамымыз нәтижелі болсын дегім келеді, өйткені Абай атамның тойына жақсылап әзірлену баршамыздың міндетіміз.

**Т. МАМАШЕВ**

Мәдениет министрі:

— Абай атамның тойын абыройлы өткізу — бәрімізге ортақ. Бәрімізге парыз. Бәрімізге сын.

Тойға тиянақты әзірлену үшін ең әуелі біз үлкен жоспар құрып, түрлі шаралар белгіледік. Мәдени шараларды өткізу жөнінде шет елдерден мәселен, Түркиядан, Франциядан, Қытайдан ұсыныстар түсті.

мерейтойға орай Абайдың өз шығармалары мен ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты 60-тан аса кітап жарыққа шықпақ. Бүгінде 36 мерейтойлық кітап оқырман қолына тиді. Өндірісте 22 кітап әзірлеп, баспаларда өзі 9 кітап өндіріске даярлану үстінде. Прагада басылып шыққан «Абай елі» фотоальбомы көркемдік жағынан өте жоғары деңгейде екенін айтып өту ләзім. «Абай: Өмір. Уақыт. Өнер» альбомы ЮНЕСКО тарапынан жарық көрмек. Бұл екі альбом да б-т-ке ұстар дүниелеріміздің қатарында. Өзіміз Абайдың «Ғақлия сөздерін» (орыс тіліне аударған С. Санбаев) көлесей кітап етіп шығарып жатырмыз. Үстіндегі жылдың бірінші тоқсанында «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы мен «Атамұра» фирмасы бірлесіп отырып «Абай» энциклопедиясын жарыққа шығармақ. Ақын шығармашылығына арналған мұндай энциклопедия бұған дейін Орта Азия республикаларында болмағанын ескерсек, бұл кітап мерейтойға тартқан тартуымыздың сүбелісінің бірі бола ма деген үміттеміз. Сонымен қоса плакат, үлгізібе, шақыру билеті, буклет, жарнама сияқты тойды кең насихаттауға арналған басылымдар да өз ретімен жарық көріп жатыр.

жүргізіліп келеді. Егер де бұлардың барлығы бастапқы жоспарлағанымыздай, ойдағыдай аяқталып тұрса, ешкімге де ұялмай көрсете алатын келешек жарқын кешендер бой түзейді. Бұлар бүгінгі ұрпақтың ата-бабалар рухына ыстық ықыласы, шексіз махаббатының нышан белгісіндей болып тұрап еді.

**С. ӘЛИҒОЖИНОВ,**

көлік және коммуникация министрі:

Бүкіл дүниежүзінен қонақ шақырып, басқа елге өзіміздің қандай халық, ұлтжандығымыз қаншалық ел екендігімізді көрсететін сәт туғанда ертен ештеңеден қысылып-қымтырылмас үшін өлі талай істің шиыршық атып жатқандығын айтуға тиісшіз.

Осы тұста Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі бұл тойға қандай әзірлік жасап жатқандығына тоқталайын. Министрлер кабинетінің өткен жылғы қаулысына байланысты мерейтойлық маркалар мен жабықхаттар, сонді құттықтау қағаздарын шығару қажет болатын. Осы тапсырманың орындалу барысына келетін болсам, пошталық екі марка мен безендірілген бір жабықхат бүгінде шығарылымға толық өзір тұр. Оны Германияның «Бундес-Дрюкерей» фирмасына арнайы тапсырыс арқылы жасаттық. Қаулыда көрсетілген тағы бір үлкен міндеттің бірі — мерейтой қонақтары мен оған қатысатын әлеуметті облыстық әкімшіліктермен бірлесіп отырып, көлікпен қамтамасыз ету еді. Республиканың байланыс саласын түгел қамтитын министрлік болғандықтан той кезінде Қарауылды факсимилді телефон байланысымен жабдықтауды көздеп отырмыз. Оған қажетті техникалық жабдықтар мен арнаулы мамандар қазірден бастап нақты дайын отыр. Ал мемлекеттік «Қазақстан жолдары» акционерлік компаниясы белгіленген мерзімде Семей — Қарауыл автокөлік трассасын жөндеп, Жидебай мен Бөрлілге дейін темір жол салуды міндеттеніп отыр. Бүгінге дейін осы темір жолдың 120 шақырымнан астамы салынып бітті.

Осынау қыруар істердің бәрі қаржысыз қалт бастырмайтыны белгілі. Сондықтан да республикалық бюджеттен бізге осы жылға 87 миллион теңге бөлінетін болды. Егер бұл іс оң шешім тауып, бөлінген қаржы уақтылы берілсе, онда осы айтып отырған жұмыстардың бәрі дер кезінде бітетінше сенім мол. Осы арада айта кететін аса бір маңызды жұмыстың бірі — Бестамақ, Саржал, Қасқабұлақ, Жүрек Қадыр, Медеу, Орда және Қарауылға орнатылып жатқан космостық «Жарық» қабылдау стансасы. Әлемнің әр шалғайынан бұл тойға құлағын түріп, көз тігіп отырған жұрт көп. Сондықтан бұл стансаның да арқалар жұп, атқарар міндеті алда қарсан.

Абай тойы — тәуелсіз еліміздің бүкіл дүние жүзі көлемінде өткізіліп отырған тұңғыш тойы. Ол еліміздің елдігін, жеріміздің кеңдігін не сын. Сондықтан да бұл іске қамтылған кез-келген саланың қызметкерлері, қолында билік бар, бойында күш-жігері бар республикамыздың азаматтары мен материалдық жағынан қол ұшын бере алатын ұлтжанды ұрпақ бұдан сырт қалып қоймауы тиіс. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», — дейді қазақ. Ендеше, Абай тойын дос сүйсініп, дұшпан күнінетіндей етіп өткізу үшін бәріміз де аянып қалмауымыз керек.

**М. ШАЙЖҮНІСОВ,**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Абай жөніндегі республикалық мерекелік комиссия төрағасының орынбасары:

сыңаржақтығын да айтпай отыруға болмайды. Біздің байланыстарымыздың негізі өзін экономика төңірегінде. Рухани саладағы байланыстар өзі аз, көптеген халықтардың біздер, қазақтар туралы, біздің рухани байлығымыз туралы хабары шамалы. Ал енді өркениетті елдер қатарына қосылуға ұміттеніп отырған біздің халқымызға осы елдермен рухани, мәдени байланысымыз да күшейе түсуі керек. Бұл сауалдың да Абай мерекесімен тығыз байланысы бар. Әр ел басқа халықтарға өз топшырағынан туған, өз ортасында өскен данышпан, ойшыл, ғұлама-арымен танымал болады. Абай біздің халқымыздың осындай данышпаны. Оның поэзиясы, ой жүйесі, дүниетанымы бүкіл әлемнің бойына жинаған рухани қорынан тиісті орын алуға тиіс.

Дегенмен де Абай есімі дүние жүзі халықтарының мәдени өмірінде кеңінен тарамаған тұлға. Бұл Абайдың емес, біздің, артында қалған ұрпақтың кемпілігі. Осыған орай алдымызда Абайды көптеген тілдерде сөйлетіп, оның асыл мұрасын өлемге жария ету міндеті тұр. Алдымыздағы мерейтоймен байланысты осы міндетті ойдағыдай орындай алсақ, бұл біздің Абай мұрасын, сол арқылы жалпы қазақ рухын көптеген басқа халықтарға таныстыра бастауымыздың басты бір қадамы болмақ. Абай арманы — халық арманы, қазіргі заман тынысы десек ешқандай артықшылық болмас. Сондықтанда тәуелсіз ел болып, жаңа заманға бет бұрып отырған қазақ халқының арманын, тынысын басқа, бізбен қарым-қатынасы жилей түскен халықтарға таныстырып, оны кеңірек уағыздаудың біз үшін пайдасы мол, болашақ жүретін жолдарымыздың сәттілігі де осымен байланысты болаар.

Міне, алдымызда тұрған ұлы тойдың рухани арқауы, рухани деңгейі осы жоғарыда айтылған негізде құрылса дұрыс болар дер едім. Өйткені дасдархан да жайылар, әртүрлі сый-сияпат та жасалынар, дегенмен де Абайдың мерейтойынан алатын басты нәріміз оның даналығы, ел мен жұртына қалдырып кеткен ұстаздық сөздері, оларды өзіміздің ой санамыздан тағы бір сараптап өткізіп, бойымызға сиңіріп, мынау жаңа өмірге талпынып жатқан халқымыздың рухани құралы ретінде қалыптастыру болу керек.

Қазіргі күрт өзгерген заманымызда, қоғамдық санамыз өлі де толық қалыптаспай, басына келмей әрқилы ой-пікірлер сапырылысып жатқанда халықты елдік пен бірлікке, өнер-білімге, азаматтық, адамгершілік, парасат биктерине шақыратын Абай мұрасы бізге өте қажет. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол, халқыңа қызмет ет, еліңнің көсегесін көгерт» деген ұстаздық нақыл өзіңді бүгінгі тіршілігіміздің бірден бір ұраны болуға лайық емес пе! Тек осындай өсиеттерді рухани құрал ете отырып елдігімізді сақтап, халқымызды бүгінгі тірелген тығырықтан алып шығуға болады.

Өркімді заман сүйемек,  
Заманды қай жан билемек.  
Заманға жаман күйлемек  
Замана оны илемек. —

деп Абай айтқандай, қазір бізде «заманға күйлеушілік» аз ба? Өйтпесе, елдік мәселесіне ат салыспай, «бас басына би болған өңшең қиқымдар аз ба? «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген кеменгеріміздің қағидасын ұмытқандарымыздың қатары көбейіп келе жатыр ма, қалай? Осындай кеселдер біздің елдігімізге нұсқан келіретіндігіне сөз жоқ. Олармен табан тіреп күресу үшін де Абай мұрасына жүгінуіміз керек. Елге ес болып, дұрыс жолға бастайтын ақыл иесі, азамат кім болу керек деген сауалдарға да баянды жауапты Абай мұрасынан табамыз.

Соңғы жылдары Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдары Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнаулы дайындық қамында болды. Әртүрлі жұмыстардың негізгі арқауы, мақсаты — Абай поэзиясын жалпы рухани мұрасын жан-жақты зерттеп, қалың оқырмандардың назарына ұсыну. Осының нәтижесінде он шақты үлкенді-кішілі ғылыми еңбектер баспадан шықты, ал қалғандары аз ғана күн шамасында жарық көрмек. Солардың ішінде Ж. Ысмағұловтың Абайдың ақындық тағылымы туралы көлемді монографиясы, Қ. Салғариннің «Таным баспадақтары» деген атпен жарияланған бұрын көп зерттелмеген тың тақырып — Абайдың ақындық кітапханасына арналған еңбек; абығайдың ғылымының белгілі қайраткерлері К. Мұхамеджановтың М. Мырзахметовтың, З. Ахметовтың, М. Базарбаевтың еңбектері де бар. Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағы, замандастарының

халықтарының өкілдері болып дәріптеп, ұлы атамыздың мұрасын көп тінде өңіме етеміз бе деген арманымыз бар. Осымен қатар Парижде, Пекинде, Түркияда, Мәскеуде, Санкт-Петербургта Абай тойына арналған салтанаттар өтпек. Оларға қатысып, Абай туралы, жалпы біздің қазақ халқының рухани өмірі, елдігі мен парасаты туралы аталы сөз, пайымды пікір айтуға да ғалымдар дайындық үстінде. Іске сәт, басқан қадамымыз нәтижелі болсын дегім келеді, өйткені Абай атамыздың тойына жақсылап өзірлену баршамыздың міндетіміз.

## Т. МАМАШЕВ

Мәдениет министрі:

— Абай атамыздың тойын абыройлы өткізу — бәрімізге ортақ. Бәрімізге парыз. Бәрімізге сын.

Тойға тиянақты өзірлену үшін ең әуелі біз үлкен жоспар құрып, түрлі шаралар белгіледік. Мәдени шараларды өткізу жөнінде шет елдерден мәселен, Түркиядан, Франциядан, Қытайдан ұсыныстар түсті. Бұлардың қайбір ұтырлы ұсыныстарын қабылдадық. Жанашыр, жақсы ұсыныстар сонымен бірге Өзбекстаннан, Индиядан, Египеттен де түскенін ел-жұртқа айта кеткеннің артықтығы болмас. Абай тойының тек қазаққа ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ екенін осыдан-ақ байқауға бөлмай ма.

Абай тойына байланысты министрлікте арнайы мәжіліс өткіздік. Міне, осы мәжілісте тойда қамтылатын шаралар түгел, бүге-шігесіне дейін талқыланып, талданды.

Қазір республикамыздағы әрбір облыс, аудандарымыздағы мәдени мекемелер, кітапханалар, клубтар, музейлер Абай тойына толық өзін. Мұнда Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты кітап көрмелері, өдеби кештер, кездесулер, жүздесулер, көпшілік-насихаттық жиындар өтіп жатыр.

Абайдың «Жидебай — Бөрлі» қорық-музейінің, ұлы ақын оқыған Ахмет Риза медресесінің қайта өрлеп-өңделуіне, әпкейленуіне, қалпына келтіруіне қатысты жұмыстарды аяқтауға жақын қалдық Семей қаласындағы Абай музейін жаңа, озық, аудио құрылғылармен жабдықтау үшін чехтың «Арцентрум» фирмасымен шарт жасастық. Құдай қаласа, Абай тойы қарсаңында мұның бәрі дайын болады.

Абайдың тойы — бүкіл адамзатқа ортақ. Осы ретте аяулы ақынның тойы көршілес Ресейде де кеңінен аталып өтілмек. Бұл жерде мына мәселені ерекше ескеруіміз керек. Біріншіден Ресейде қазақ халқының диаспорасы өмір сүріп жатыр. Екіншіден, Абай тойы атап өтілетін Мәскеу, Санкт-Петербург — тек ТМД көлемінде ғана емес, дүниежүзілік ауқымдағы ірі мәдени ошақтардың бірі. Ендеше, Абай тойын Мәскеу мен Санкт-Петербургте атап өту — ұлы ақынды насихаттаудың, танытудың көкжиегін онан әрі кеңейту деген сөз. Осыған орай биылғы жылдың 13 сәуіріне Мәскеудің Колонна залында Абайға арналған үлкен салтанат өтеді. Дүние жүзіне танымал өнер шеберлерінің концерті қойылады.

Ал 15 және 16 сәуірде Абайға арналған салтанат Санкт-Петербургте жалғасатын. Мұнда оқушыларға арналған ғылыми-теориялық конференциялар, өдеби кештер ұйымдастырылады. Мұндай салтанаттарды Ресей мен Қазақстанның өзара шекарасыз аймақтарында да өткізу көзделіп отыр.

Абай мерекесі шетелдерде де аталынып өтледі. 20-30 мамыр аралығында туысқан Түркия мемлекетінің екі маңдай алды қаласында, яғни Ыстамбул мен Анкарада Абайға арналған мереке өтеді. Қадап айтатын жөйт, ұсынысты Түркия жағы өзі жасады. Мұнда да концерттер қойылады және өзге де мәдени салтанаттар ұйымдастырылады.

ЮНЕСКО-ның ұсынысымен Абайға арналған салтанат Парижде, ал Қытайда маусым айында Абай күндері өтпек. Өзіміздің Алматыда 8-9 тамыз күндері Республика Сарайы мен Сәтмент сарайында Абайға арналған үлкен салтанат болады. Осымен бірге 11-13 тамызда Семей қаласында, Қарағұлда халықтық мереке-жиындар, той-тамаша өткізіледі.

Міне осы мереке-жиындардың бүкіл мәдени салтанатын көңілдегідей өткізу, яғни концерттер ұйымдастыру, қонақтарға қазақ халқының өнері мен мәдениетін өңінен күйін, қолөнері мен дәстүрлі салт-санасын таныстыру жөне оны насихаттау, таныту — біздің міндетіміз.

Тойға толық өзірміз. Дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Өзімізді де, өзгені де қытқа қалдырмаймыз.

мерейтойға орай Абайдың өз шығармалары мен ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты 60-тан аса кітап жарыққа шықпақ. Бүгінде 36 мерейтойлық кітап оқырман қолына тиді. Өндірісте 22 кітап жатыр. Баспаларда әлі 9 кітап өндіріске даярлану үстінде. Прагада басылып шыққан «Абай елі» фотоальбомы көркемдік жағынан өте жоғары деңгейде екенін айтып өту ләзім. «Абай: Өмір. Уақыт. Өнер» альбомы ЮНЕСКО тарапынан жарық көрмек. Бұл екі альбом да біткеле ұстар дүниелеріміздің қатарында. Өзіміз Абайдың «Ғақлия сөздерін» (орыс тіліне аударған С. Санбаев) кәдесый кітап етіп шығарып жатырмыз. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы мен «Атамұра» фирмасы бірлесіп отырып «Абай» энциклопедиясын жарыққа шығармақ. Ақын шығармашылығына арналған мұндай энциклопедия бұған дейін Орта Азия республикаларында болмағанын ескерсек, бұл кітап мерейтойға тартқан тартуымыздың сүбелісінің бірі бола ма деген үміттеміз. Сонымен қоса плакат, суретшілік, шақыру билеті, буклет, жарнама сияқты тойды кең насихаттауға арналған басылымдар да өз ретімен жарық көрініп жатыр. Абайдың төл шығармалары, ақынның өмір жолы мен шығармашылығын асқау еткен ғылыми-зерттеу еңбектері, балаларға арналған түрлі-түсті суретпен жасалған кітапшалардың бір легі қазірде оқырман қолына тиіп тұр. Сондай-ақ Абай шығармалары қытай, француз тілдеріне аударылып жеке-жеке кітап болып шықты. Енді ағылшын, неміс, монғол, ұйғыр, өзбек тілдерінде жарық көрмек.

Шетелдердегі қазақ елшіліктері арқылы сол елде Абай шығармаларын насихаттау мақсатында мақалалар дайындалып, кітаптар жинастырылып, жөнелтуге әзірлену үстінде. Сондай-ақ Мәскеу және Петербург қалаларына арналған мақалалар дайындалып жатыр.

Нарық қыспағына түспа-түск келген бұл мерейтойда үкімет қаржы-қаражатты қысып отырған жоқ. Дегенмен, басқа тартсаң аяққа жетпей қалатын тапшылықтың тақсіретін бұл бағытта да тартып отырғанымыз анық шындық. Соған қарамастан біршама істің игерілгені де рас. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 2 қарашадағы № 1218 қаулысына сәйкес мерейтой комиссиясының жаңа құрамы бекітілгені мәлім. Бұл жаңа құрамда үкімет мүшелері, белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, абайтанумен шұғылланып жүрген ғалымдар мен ақын-жазушылар бар. Мерейтойдың ойдағыдай өтуіне атамның комиссия мүшелерінің жанын сала араласатынына күмәніміз жоқ.

Абай тойына қазақстандықтардың рухани әзірлігі қандай деген ауал да мені көптен толғандырып жүр. Мұны өрбір жеке азамат ойында өріпінде қыздырып, сана таразасында салмақтап көргені абзал болар дедім...

## **А. ТШАНОВ.**

**Құрылыс, құрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрі:**

Жасыратын түп жоқ, бұған дейін біздің сала бұл ұлы құрылыстан сырт қалып келді. Дер кезінде қаржы-қаражат берілмеді. Бытыр қазан айының аяғында облыста болып, біраз құрылыс алаңдарын аралап, негізгі атқарылар жұмыстардың ауқымы белгіленді.

Шынында да, бұндай бүкіл халықтық мәртебелі шараға қатыспай қалудың ешқандай жөні жоқ. Өрине, Абай өлімін танудың өзі кімге болса да үлкен жауапкершілік жүгін артады. Оның өледеніндегі зор азаматтық дауысы қара сөзіне қалай астасады? Ол ұдайы ел-жұртын, әсіресе, жастарды өнер-білімге, тірлік пен бірлікке шақырып өтті. Сонысымен ардагер ақын алдымызды орап, бүгінгі күнмен үндесіп тұр. Оны құлағы көрең, сезімі соқар болмаса естімеу мүмкін емес. Өйткені Абайдың алтын қайнары халық жанынан бастау алып жатыр. Ұлы тұлғаны асқақтату баршамыздың парызымыз.

Біз Семейдегі Абай мұражайы ғимараты, Жидебайдағы Абай — Шөкәрім кешендері, Қарауыл — Жидебай күйрежолы, астанадағы Австрия — Қазақстан бірлесіп салып жатқан мейманхана және басқа да жайларды салуды жедделетіп, өз уақытында бітіруді қолға алып отырмыз. Оған тиесілі қаржы да енді-енді бөлініп жатыр. Қол күш де жетеді. Құрылыс материалдары да бар. Қазір министрінің орынбасары Ф. А. Ғалымов тікелей басшылық жасау үшін Семей облысында іссапармен жүр. Облыс орталығындағы мұражайдың құрылысын түгелдей аяқталды десе де болғандай. Тек енді жеке-жеке өрлеу мен өктуе жұмыстары

«Жарық» қабалдау стансы. Әлемнің әр шалғайынан бұл тойға құлағын түріп, көз тігіп отырған жұрт көп. Сондықтан бұл тұсаның да арқалар жұп, атқарар міндеті алда орасан.

Абай тойы — тәуелсіз еліміздің бүкіл дүние жүзі көлемінде өткізіліп деп отырған тұңғыш тойы. Ол еліміздің елдігіне, жеріміздің кеңдігіне сын. Сондықтан да бұл іске қамтылған кез-келген саланың қызметкерлері, қолында билік бар, бойында күш-жігері бар республикамыздың азаматтары мен материалдық жағынан қол ұшын бере алатын ұлтжанды ұрпақ бұдан сырт қалып қоймауы тиіс. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», — дейді қазақ. Ендеше, Абай тойын дос сүйсініп, дұшпан күйініндей етіп өткізу үшін бөріміз де аянып қалмауымыз керек.

## **М. ШАЙЖҮНІСОВ**

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты,  
Абай жөніндегі республикалық мерекелік комиссия төрағасының орынбасары:**

Ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойына дейін сонымен небөрі жеті айдай ғана уақыт қалды. Соған орай той өзі мөнінде өтпейтін болды деп алдын-ала байбалам салушылар аз емес, ол енді жігерді жану үшін айтылып жатса бір сөрі! Кысқасы енді сөз таластырып, уәж айтып, сөзбақтаудың жөні жоқ.

Абай тойы — бүкіл елге ортақ той. Сондықтан оның абыройы да, кем-кемі де бүкіл елге сын. Десек те, ақын туған өмір үшін оның жөні тіпті бөлек. Ал Абай елі, мен бұл арада Ертіс өңірін тұтасымен айтып отырмын, оны түсінбей отырған жоқ. Ел азаматтарының қай-қайсысы болмасын, өзіне жүктелген іске жауапкершілікпен қарауға тырысып бағуда. Ама! не, «жоқтық жомарттың қолын байлайды» демекші, бұған дейінгі қаржы ташшылығы көп іске кері әсерін тигізгенін жасыра алмаймыз. Қазір, рас, бұл мәселе өз шешімін тауып жатыр. Республика үкіметі Жидебайдағы Абай — Шөкәрім кешенін, облыс орталығындағы ақын мұражайын аяқтауға 245 миллион теңге, аудан орталығы Қарауылға апаратын қасқа жолдың қалған 56 шақырымын аяқтау үшін 87 миллион теңге қаржы бөлді. Мұның сыртында төйдің есеп-шотына республикада Оңтүстік Қазақстан облысы 2 миллион, басқа облыстар 1 миллионнан теңге қаржы аударып берді. Сөйтін, қаржы жинақтала бастады. Енді соған орай қандай шаралар атқарылмақ деген сауалға жауап беретін уақыт жетті.

Өзі өу баста тойға қатысты 72 объекті жоспарланған болатын. Жоғарыда айтқан қаржы ташшылығынан соның тең жартысы біржолата жылы жабылып қалды. Ал, Абайдың қалай қастерлесек те өлден лайық тұлға екенін тағы да қайталап айтып жату басы артық шаруа. Яғни ұлы Абайға қатысты мәселелерді оның тек осы жылғы тойымен шектемеі, оған ұдайы орылып отыруымыз керек.

Жоспарда қаздырылған объектілерді сөз еткенде қайсы бір азаматтарға алғысымызды айтпасақ болмайды. Соның бірі — Жезқазған облысының өкімі Қажымұрат Нығманов. Ол Абай елінде еңбек етіп, артында әшпес із қалдырды. Енді, міне, өзінің ынта білдіруі арқасында Қарауылға 50 орындық қонақ үй құрылысын аяқтатып беруді мойнына алып отыр. Ал Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының басшылары болса Қарауылдағы мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізіп беруге уәделесті. Солтүстік Қазақстан облысының өкімшілігі өз көршілерімен бірігіп саз мектепін дер кезінде қатарға қосуға көмектесіп.

Ақын тойына сонымен небөрі жеті-ақ айдай уақыт қалды дедік. Қазірдің өзінде оған қатысуға 188 ел тілек білдіріп отыр. Ал бұл айтқанға ғана жеңіл, мақтанға ғана оңай. Қонақтарды қарсы алып, шығарып салудың өр сөгі жете ескерілмесе болмайды. Мұның бөрі жуырда аяқталған той сценарийінде кеңінен қамтылған секілді. Сөйтсе де оны өл талай анықтап, пысықтай түсетін боламыз. Осы орайда, біз журналист ағайындарымыздың, қалың бұқараның шікріне зәруміз. Барды бар деп айтайық, жөк пен кем-кемігі және айтып байышпен сөз қозғайық. Орынсыз дау, байыпсыз байламан сактанайық дегім келеді. Мына таршылық заманда сөн-салтанатты аста-төк тойдың қажеті қанша дегенге салынып, қай заман болсын ел сүйіктілерінің мерекесі атаусыз қалмауы керек. Ал ол өрі-берден кейін елдің өзі үшін, елдің рухын асыру үшін қажет.